

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің депутаттарына,  
«Ақ жол» ҚДП партиясы фракциясының  
мүшелеріне**

*2021 жылғы 2 қыркүйектегі  
№ ДЗ-245 хатқа*

**Құрметті депутаттар!**

Карантиндік шектеулерге қатысты сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының аумағында коронавирустық инфекцияның пайда болуы мен таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы (*бұдан әрі - ВАК*) еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды ескере отырып пандемия жағдайында шағын және орта бизнес қызметін қолдау шараларын үнемі қабылданып келеді.

Ағымдағы жылғы 26 тамыздан бастап қызметкерлер мен келушілерде «жасыл» мәртебе бар болған кезде «Ashyq» жүйесіне енген барлық объектілердің демалыс күндеріндегі қызметіне рұқсат етілді.

Сонымен қатар, 21 қыркүйекте өткен ВАК отырысында шектеу шараларын жеңілдету бойынша шешім қабылданды және 24 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің № 44 қаулысымен қызметкерлер мен келушілерде «жасыл мәртебе» болған жағдайда (*вакцинациялау; сынамаларды іріктеу сәтінен бастап 7 тәуліктен аспайтын теріс нәтижесі бар ПТР тест; КВИ-ге қарсы вакцинациялауға тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдердің болуы; немесе КВИ-мен ауырып жазылған адамдар соңғы 3 ай ішінде*) көпшілік іс-шараларды (*оның ішінде отбасылық іс-шараларды*): «қызыл» аймақта – 50%-ға дейін толтырылған кезде, бірақ 50 орыннан көп емес, «сары» аймақта – 50% толтырылған кезде, бірақ 70 орыннан артық емес, «жасыл» аймақта – 50% толтырылған кезде, бірақ 100 орыннан артық емес болған кезде өткізуге рұқсат етілді.

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының деректеріне сәйкес қабылданған шаралардың нәтижесінде қазіргі уақытта бизнес субъектілерінің 99,9%-на қызмет етуге рұқсат бар.

Сонымен қатар, Үкімет бизнес өкілдерімен карантиндік шектеулердің тиімділігін арттыру мәселелері бойынша тұрақты диалог орнатқан. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының бастамасымен кәсіпкерлермен ашық форматта онлайн кездесулер өткізіліп келеді. Бұл кездесулерде дәстүрлі түрде карантиндік шектеу шараларына қатысты шағын және орта бизнестің ұсыныстары талқыланып отырады.

Жалпы карантиндік шектеулерге қатысты мәселелер ВАК-тың тұрақты бақылауында.

**Е. Тоғжанов**

Орындаушы: Қоскелдінова Ш.  
Тел. 750013